

**НИЙДЕ ӨМЕР ХАЛИСДЕМИР УНИВЕРСИТЕТИ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ  
БАКУ ЕУРАЗИЯ УНИВЕРСИТЕТИ**



**Құрметті әріптестер!**

Нийде Өмер Халисдемир университеті **2021 жылдың 2-5 маусымында** өтетін **VІІІ Халықаралық түркі әлемі зерттеулері симпозиумына** қатысуға шақырады.

Симпозиум – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық (Қазақстан Республикасы), Баку Еуразия (Өзірбайжан Республикасы) университетімен бірлесіп ұйымдастырылады.

**Өткізілу орны:** Нийде қаласы, Нийде Өмер Халисдемир университеті  
**Симпозиумның ресми жұмыс тілдері:** барлық түркі тілдері

Симпозиумның басты тақырыбы:  
**ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС ЖӘНЕ ТІЛ**

**Симпозиумның негізгі бағыттары:**

**1. ТІЛ/ӘДЕБИЕТ/ТАРИХ**

- Түркі тілдері және әдебиеттері-Салыстырмалы зерттеулер
- Түркі және Әлем әдебиеттерінің арақатынасы
- Еуразия мемлекеттері мен халықтарының тарихы
- Еуразияның тарихы құндылықтары – Археология

**2. БІЛІМ/МӘДЕНИЕТ/ӨНЕР/БАЙЛАНЫС**

- Аймақтық білім берудегі жаңа инновациялық көзқарастар және тәжірибелер
- Еуразиядағы мәдениетаралық байланыстар
- Түркі халықтары фольклоры
- Түркі әлемінде музыка, бейнелеу өнері және өнер тарихы
- Түркі әлемі және жаңашыл қоғамдағы медиа және байланыс

**3. АЙМАҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР/ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР**

- Еуразиядағы аймақтық мәселелер және оны шешу жолдары
- Аймақтық мемлекеттер мен халықтарының саяси байланыстары
- Түркі әлемі және халықаралық саясат
- Еуразиядағы энергетика мәселелері

**4. БИЗНЕС/ЭКОНОМИКА**

- Түркі әлеміндегі экономикалық мәселелер
- Еуразиядағы экономикалық қатынастар, ынтымақтастық және интеграция
- Түркі елдерінде монетарлық және фискалдық саясат
- Түркі әлемінде экономика тарихы
- Түркі елдерінде кәсіпкерлік және басқару
- Түркі елдерінде шағын және орта бизнес және кәсіпкерлік

## 6. БАСҚА ТАҚЫРЫПТАР

- Түркі әлемінде дін, философия және құқық
- Түркі халықтарының әлеуметтік мәселелері және оны шешу жолдары
- Түркі әлемі географиясы және географиялық зерттеулер
- Аймақ туризмі және тәжірибелер
- Түркі әлеміндегі гендерлік мәселелер

### **СИМПОЗИУМҒА ТІРКЕЛУ ШАРТТАРЫ:**

Симпозиумға мақаланың толық мәтінін жіберу үшін алдымен веб-сайтқа кіріп тіркелу қажет (<https://www.utudas.org>).

Симпозиумға толық мақала мәтінімен тіркелу керек. Баяндаманың толық мәтінін жүйеге жүктеудің соңғы мерзімі - 2021 жылдың 25 сәуірі (бұл мерзімнен кейін жүйе жабылады).

Симпозиумның шақыртуында аталғандай, симпозиумның тілі барлық түркі тілдерінде болуы тиіс. Түркі тілінен басқа тілде жазылған мақалалар қабылданбайды, бағаланбайды.

Мақала мәтіні мақаланы рәсімдеу талаптарына сәйкес дайындалуы қажет. Талаптарға сай орындалмаған мақала қабылданбайды.

Бір автор ең көп екі мақала жаза алады. Екі мақаладан артық жазған автордың тек екі мақаласы қабылданады.

Симпозиумға қатысу және мақала жариялау – 30\$ құрайды.

Бакалавр деңгейінде баяндама қабылданбайды.

Қорғалмаған баяндамаларға қатысу сертификаты берілмейді, яғни Симпозиум жұмысына

### **тек тікелей қатысу шарт.**

*МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТПЕ: Баяндамалардың Түркі әлемі елдері мен қоғамдастықтарына бағытталған салыстырмалы және талдамалық зерттеулер барысында болуына мән беруіңізді сұраймыз.*

### **Мақалаларға қойылатын талаптар**

Мақалалар төменде көрсетілген шарттарға сай рәсімделіп, Word редакторында теріліп (.doc), ең көп **8 беттен тұруы тиіс** (пайдаланылатын кесте, график, сурет және карталарды қосқанда). Мақала 2021 жылдың 25 сәуіріне дейін жүктелуі тиіс.

Мақалада қолданылатын сурет, кесте, график, карта, таблицалар талап етілген беттен аспауы тиіс. Мақала **тақырыбы** мақала жазылған тілде ең көп 10 сөзден тұруы тиіс.

**Тақырыптың атауы** ағылшын тіліне аударылып, ағылшынша түйіндемеден (**Abstract**) бұрын тұруы қажет.

Мақаланың **түйіндемесі** мақаланың жазылған тілінде және ағылшын тілінде 150-200 сөзден аспауы тиіс. **Тірек сөздер (Keywords)** мақала тілінде және ағылшын тілінде 5 сөзден тұруы қажет.

Симпозиумға қатысу толық баяндама мәтініне қарап бағаланады.

### **Бетті рәсімдеу**

Беттің жан-жағы: сол жағы: 2,5см оң жағы: 2см, үстіңгі жағы: 2,5см, астыңғы жағы: 2 см.

Тығыздау: сол жағы: 0 см оң жағы: 0 см

Теңестіру: көлденеңінен (енінен)

Азат жол (арнайы жол): бірінші жол 1,00 см

Параграф аралығы: алды 3 пт, соңы 3 пт

Жол аралығы: бір

### **Жазу түрі**

Түйіндеменің тақырыптары: Times New Roman 10 **қою әріппен**

Түйіндеме мәтіні: Times New Roman 10

Тірек сөздер (Keywords): Times New Roman 10 *курсив*

Мақала мәтіні: Times New Roman 11

Таблица, сызбалар: Times New Roman 10

Пайдаланылған әдебиеттер мәтіні: Times New Roman 10

### **Тақырыбы**

Мақала тақырыбы: арасы: 50 nk, Times New Roman 11, **қою**, БАРЛЫҒЫ БАС ӘРІППЕН  
Ағылшынша тақырып: Times New Roman 10, **қою**, Бастапқы Әріптер Бас Әріппен  
Пайдаланылған әдебиеттер: Times New Roman 11, қою, БАРЛЫҒЫ БАС ӘРІППЕН

\*Мақала ішінде Кіріспе, Қорытынды, Пайдаланылған әдебиетке нөмір жазылмайды.

### **Мақала авторы/ -лары**

Тақырыптан кейін оң жақа “Атағы. Аты-жөні” (Автордың аты-жөні толық жазылуы тиіс) Жұмыс орны және электрондық поштасы жұлдызшамен сілтеме арқылы көрсетіледі. (Сілтеме: Times New Roman 10)

### **Сілтеме әдісі**

Мәтінде жақша ішінде сілтеме көрсету (Тегі, жыл: Бетінің нөмірі) жүзеге асады. Авторлық бірлестіктерде сілтемені бастапқы автордың тегі және “басқалары” деп жазылады. Сілтемеде интернет адресін көрсетер болсаңыз, жақша ішіне толық адрес жолын көрсетпейсіз, автор белгісіз болған жағдайда қолданылған мекеме/ беттің аты жазылады. Интернет адрес жолын пайдаланылған әдебиетте көрсетесіз. Интернет сілтемелерде басылып шыққан жылы белгісіз болса, жақша ішіне пайдаланылған жылы жазылады.

### **Қазақстан Республикасы тарапынан ұйымдастыру алқасының мекенжайы:**

Алматы қ., Әйтеке би к-сі., 99, Медиа департаменті, 111 каб.

Тел: +7 (727) 2370005, + 7 (707) 6636919

Әділхан ШОРАБЕК

*P.S. Мақала <https://www.utudas.org> сайты арқылы қабылданады.*